

## **№8 лекция. Қазақ халқының рухани мәдениеті тақырыбына байланысты мәліметтер жазу**

**Мақсаты:** Тақырыптың зерттелу аумағына қарай зерттеулер жүргізу.

Этнографиялық зерттеу түрлерін пайдалану арқылы қазақ халқының рухани мәдениеті туралы деректер жинауды үйрету болып табылады.

**Кілт сөздер:** Балалар фольклоры, миграция, өмілдірік.

**Дәрістің жоспары:**

1. Дәстүр тақырыбына байланысты мәліметтер жазу.
2. Халықтың ауызекі шығармашылығын зерттеу.
3. Рухани мәдениет туралы деректер жинау.

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінеді. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Зиялы қауым арасында, тіпті оқымысты ғалымдар арасында мәдениет және өркениет ұғымдарын шатастырушылық әлі де кездеседі. Осы арада олар шаруашылық жүргізу мәдениетінің, саяси мәдениеттің, экономика мәдениетінің тағы сол сияқты мәдениеттердің болатындығын ескермеді. Осыдан барып, мәселен, көптеген адамдар мәдениетті тек қана өнер туындылары құрайды деп ойлайды да, оны өркениетпен тең қойып, жаңсақ түсініктерге жол береді. Мәдениет тарихында күні кешеге дейін еуропалықтар Батыс дүниесінің ғана мәдениетін мойындап келді. Оларда мәдениет жасаушы тек еуропалықтар делінген кеудемсоқтық теория белең алды. Бірақ Шығыс өркениетін жасаған мәдени мұралардың ғажайып үлгілері оларды өздерінің менменсіген қисындарынан бас тартуға мәжбүр етті. "Мәдениет" деген ұғымның аясы өте кең. Сондықтан да болар, "мәдениет" ұғымының көптеген анықтамасы бар. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде материалдық және рухани деп екіге бөледі. Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді материалдық мәдениет үлгілері дейміз. Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз рухани мәдениет дейміз. Рухани және материалдық мәдениет үлгілерінің арасында тұйық шек жоқ. Кейде материалдық мәдениет үлгілері руханияттың үлгісі болып табылады. Мысалы, сәулет өнері ескерткіші, былай қарағанда, материалдық мәдениет, ал сол сәулет өнерінен халықтың немесе сәулетшінің дүниетанымы, мәдени дәстүрі көрінеді. Оның үстіне, сәулет өнері ескерткішінен көрермен рухани ләззат алады. Бұл жағынан қарағанда сәулет өнері ескерткіші рухани

мәдениет үлгісіне де жатады. Кітапты да солай түсінуге болады: әрі материалдық дүние әрі рухани құндылық. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: "Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға өгей мәдениет болып қала береді", – дейді. Бұл – мүлде қате пікір. Көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз.

Мәдениет – адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде материалдық және рухани деп екіге бөледі.

Түркі жазуы – ең алғаш табылып зерттелген түркі жазуы ескерткіштері Білге қағанға, Күлтегінге қойылған құлпытастардағы жазу.

Соғды жазуы дегеніміз — орта ғасырлардағы парсы жазуы. Соғды жазуының өз тілдеріне икемделген нұсқасын түркілер алғашында "ұйғыр жазуы", кейінірек "найман жазуы" деп атаған.

Халық өнері әсіресе киіз үй жиһаздары мен ұлттық киімнен айқын көрініс тапты. Қазақ жерінде ХІХ ғасырда айдауда болған поляк Бронислав Залесский былай суреттейді: «Бұл бір ғажайып көрініс: олар көш кезінде, мерекедегідей жасана киінеді, ең әдемі киімдерді, әсіресе байлардың алтын зер төгіп тіккен шапандарын осы кезде көруге болады. Ауыл ақсақалы көш бастаса, ер-тоқымына қызыл шұғамен тысталған көпшік немесе кілемше жапқан атқа мінген зайыбы оның соңынан ереді... Атты, атқа салт мініп жүруді жақсы көретін бұл халық ең алдымен көлігінің әбзеліне көбірек көңіл бөледі. Ертұрман олар үшін барлықтың, байлықтың белгісіндей болып безендірілуге тиіс. Ердің алдыңғы қасын көбіне күміс қаптатып өрнектейді, тіпті қолы жеткендерінің асыл тас орнататындары да болады. Жүген, өмілдірік, құйысқан — бәрі де шебер өріліп, Шығыс үлгісіндегі өрнектермен безендіріледі». Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Мал шаруашылығы — егіншілікке карағанда бұқара халықтың барлығы қамтылмайтын, қамтығанның өзінде көшпелі қауымның бос уақыты көбірек болатын шаруашылық түрі. Сонымен қатар көшпелілер отырықшыларға карағанда табиғатқа жақынырақ, онымен етене өмір сүрген. Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиялшылдық, түптеп келгенде, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды. Бұдан "Отырықшы халықтарда бұл қасиет болмады, не аз көрініс тапты" деген ой тумауы керек. Тек бұл қасиеттердің қалыптасуына, көрініс тауып, іске асуына көшпелі өмір объективті түрде көбірек жағдай туғызды.

Көшпелілерде де, отырықшы елдер сияқты, жазу ерте пайда болды. Біз сақ жазуларының (б.з.д. 1-мыңжылдықтың ортасы), түрік жазуларының (б. з. VII—VIII ғасырлар) болғандығын, одан бергі ортағасырлық түркі тайпаларында жазудың болғандығын білеміз. Бірақ тағы да объективтік себептермен көшпелілерде отырықшыларға қарағанда жазу-сызу кеңінен дами алмады. Олардың рухани мәдениеті — шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қағидалары жадында сақталды. Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігі — олардың мәдениетінің көбінесе синкретті (біртекті ғана емес, көпқырлы) болып келуінде. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар (сақ, ғұн, үйсін, сармат, т.б.), одан кейін орта ғасырлардағы түркілер бүкіл Еуразиялық көне және ортағасырлық өркениеттер мен әр түрлі себептер арқылы (миграция, жаулап алу, бейбіт көршілік жағдайында) араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрлі халықтардың жақсы мәдени жетістіктерін қабылдады, өздерінің мәдени үлгілерін басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениеттердің бір-бірімен араласуына, жақындасуына қозғаушы күш болған, дәнекер қызметін атқарған.

Этнографтар үшін қоғамдық өмір екі жағынан да қызықты.

Біріншіден, сақталынып келген ертедегі қоғамдық қатынас алғашқы формациялардың қоғамдық қатынасын білуге мүмкіндік береді. Екіншіден, жеке халықтар мен этникалық топтардың қоғамдық тұрмыстың нормасы үлкен өзіндік типтерімен ерекшеленді және оларды сол халықтардың этникалық мәдениеті мен этникалық тарихының көзі ретінде пайдалануға болады. Қоғамдық тұрмысты зерттеу қазіргі күні де қажет.

I. Өндірістік іс-әрекетпен байланысты қоғамдық тұрмыстың дәстүрлері мен нормалары. Егіншілік алқап, жайылым, су көздерін қолданудың қоғамдық ережелері. Меншік құқығы немесе иелену (мысал; жерге, малға). Шүлен тарту институты, оның таралуы. Асар ғұрпы, асар формалары.

II. Қоғамдық өмірдің дәстүрлері мен нормалары: қоғамдық пікір, қоғамдық міндеттерді бөлу.

III. Адамдар арасындағы қатынас және қоғамдағы мінез-құлық нормалары: көршілік дәстүр және көршілік көмек. Қонақты қарсы алу дәстүрлері. Үлкендермен және кішілермен қарым-қатынас. Әйелдермен қоғамдағы қарым-қатынас. Әдеп. Көңіл аудару формалары.

IV. Қоғамдық мерекелер мен жиналыстар. Халықтық мерекелерді, шығындарды ұйымдастыру. Көңіл көтеруді ұйымдастыру (күрес, ат жарыс т.б.).

V. Жат жұрттықтарға немесе белгілі бір тұлғаларға деген көзқарас (арнайы қонақ, жолаушы, сыпайы, құдайы қонақ,).

VI. Жаңадан көшіп келгендерге деген қатынас. Ерулік.

VII. Қоғамдық тәртіпті бұзушыларға деген қатынас.

VIII. Құрметті адамдарға деген қарым-қатынас.

Бағдарламадан көріп отырғандарыңыздай мұнда жеке бақылау әдісі басым, көптеген адамдардың мінез-құлықтарын қоғамдық қатынастардан

сұрақ-жауап арқылы немесе далалық жұмыстың басқа да түрлері арқылы біле алмайсыз. Бұл ерекшеліктері күнделікті өмірде байқалып, тұрғындардың өздері де білмей қалады.

## **Дәстүрлер**

Дәстүрлерді зерттеуге қолайлы болу үшін оларды арнайы топтарға бөлуіміз керек: шаруашылық, күнтізбелік сипаттағы, өмірлік.

I. Өмірлік циклдің дәстүрлері өткен тарихымыздың сырларын терең түсінуге мол мүмкіндік береді.

1. Баланың өмірге келуі (туғандағы дәстүрлер, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару).

2. Инициациялар (тұсау кесер, сүндет, атқа мінгізу т.б.).

3. Жастық кластар (терминология, мүшел жас).

4. Үйлену тойы (некеге отыру, неке, ұрын келу).

5. Балаларды тәрбиелеумен байланысты дәстүрлер (ойындар, дене шынықтыру, шаруашылықтың тәжірибелік дағдылары, аңға баулу, өнерге баулу, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу).

6. Қайтыс болғанда орындалатын және жерлеу дәстүрлері (жуындыру, өлікті киіндіру, қайғының белгілері, құрбан шалу, жерлеу, көңіл айту).

II. Шаруашылық циклдағы дәстүрлер көбінесе ауылшаруашылық жұмыстарына қатысты ұнататын істерімен айналысу. Наным, сенімге байланысты ертедегі еңбек дәстүрлері мен дағдылары.

1. Мал шаруашылығына байланысты дәстүрлері.

2. Жер өңдеуге байланысты дәстүрлер.

3. Кәсіптік дәстүрлер (үй кәсібі, қолөнер, балық аулау, аңшылық).

Шаруашылық дәстүрлерді сол саламен жұмыс істейтін адамдардан сұрап зерттеу тиімді.

III. Күнтізбелік дәстүрлер көбінесе көшпелі шаруашылыққа байланысты келіп отырады.

IV. Діни дәстүрлерге сол халықтың наным-сеніміне байланысты оқып білуіміз керек.

V. «Төтенше дәстүрлер». Тасаттық беру, құдайы, ақсарбас т.б.

Этнограф үшін дәстүрлердің өту процесін бақылап, қағазға жазып, суретке түсіріп, түсініксіз жерлерін информаторлардан сұрап алу керек. Дәстүрді орындау барысында фольклорды, адамдардың киімдерін, заттарын анықтап біліп алу қажет.

## **Халықтың ауыз екі шығармашылығы**

Халықтың ауыз екі шығармашылығы бұл тек қана халық фольклорларын жинау үлгілері емес, сонымен қатар этнографиялық мәліметтердің құнды көзі болып табылады. Тарихи аңыздар жекелеген этностар жөнінде мәліметтер

беріп қоймай, олардың көшіп-қонған жерлерінен мәліметтер береді. Ертегілерде ежелгі наным-сенімдердің болғанын аңғарамыз. Әндер болса көптеген дәстүрлердің айшықты айғағы болып табылады. Халықтың ауыз екі шығармашылығына тарихи дерек көзі ретінде жақындай отырып, этнограф мұнда құнды мәліметтерді қалдырады. Халықтың ауыз екі шығармашылығын біліп зерттеудің келесі тәсілдерін ұсынамыз:

1. Шежіре – этногенез және этникалық тарих жөнінде мәліметтер.
2. Батырлар жөнінде тарихи аңыздар.
3. Мифологиялық аңыздар.
4. Халықтық эпос.
5. Ертегілер.
6. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер.
7. Дәстүрлік әндер (шілдеhana, сыңсу, қоштасу, жоқтау т.б.).
8. Халықтық әндер (отан, табиғат, махаббат, жолдастық т.б.)
9. Күнтізбелік поэзия (наурыз жыры т.б.).
10. Бақсы әндері.
11. Айтыс.
12. Балалар фольклоры.

Әндерді екі кісі кезек-кезек бір сөзден жазып отыру тиіс. Соңғы кезде этнографиялық-фольклорлық материалдарды жинақтауда, музыка мен әндерді жазғанда аудио және бейне жазбалар өте тиімді.

### **Сұрақтар:**

1. Қазақ халқының рухани мәдениеті туралы сипаттама беріңіз.
2. Рухани мәдениет туралы дерек жинау мен материалдық мәдениет туралы дерек жинаудың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдаңыз.
3. Рухани мәдениет туралы деректер үшін қажет болатын зерттеу әдістерін көрсетіңіз.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Казахи / Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995.
2. Камалашұлы Б. Монголиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. - Баян-Өлгий. – 341 б.
3. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / С.Қалиев, М. Оразалиев, М. Смайлова. – Алматы, 1994. – 224 с.
4. Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 464 с.

5. Калыш А.Б. Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 160 с.
6. Каплан М.А., Максимов П.П. Принципы и методы экспедиционно-собираательской работы (Опыт Государственного музея этнографии народов СССР). – М., 1964.
7. Квале С. Исследовательское интервью. – М.: Смысл, 2003.